

БӨЛІМ: ЛОГОПЕДИЯ

«Мамандықтар».

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75170/>

Сабақтың тақырыбы: «Мамандықтар».

Сабақтың мақсаты: Балалардың есту арқылы сөйлеуі мен сөйлеу тілі қимылдарын дамыту. Сөздік қорын молайту.

Сабақтың міндеті:

1. Білімділік-мамандық туралы білімдерін нақтылау және шыңдау, тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру. Жаңа білім негіздерімен қаруландыру;
2. Түзету-дамытушылық – сөйлеу тілі белсенділігі мен диалогты сөйлеу тілін дамыту, дыбыстық талдау-жинақтау дағдылары мен фонематикалық процестерін дамыту. Ауызша байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, есту, ойлау, есте сақтау қабілеттері мен тіл кемістіктерін түзеу;
3. Тәрбиелік- оқуға деген ынтасын көтеру, мұғалімдердің сөзін тыңдай білуге инабаттылыққа тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: Проектор, компьютерлік технология, заттық суреттер, дидактикалық материалдар, қуыршақ, доп т.б

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалармен сәлемдесіп, назарын сабаққа аударамыз.
- Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жүргіземіз.
- Үй тапсырмасын қайталап шығу.

II. Негізгі бөлім.

- Бері қараңдаршы не деген бейберекетсіздік. Мұнда біреулер заттарын шашып тастап кетіпті. Оларды атап шығайықшы- мына ара мен балға құрылысшының заттары. Қайшы мен тарақ кімнің заттары болды екен? т.б.с.с
- Бұл заттар әр түрлі маман иелеріне керек.

Спасибо, объявление скр

Тақырыпты хабарлау.

- Бүгінгі біздің сабағымыз өте ерекше болмақ. Біз «Мамандықтар» қаласына саяхатқа барамыз, ол жерде біз көптеген мамандар туралы ақпараттар аламыз.

— Ал біз ол қалаға немен барамыз, әрине автобуспен барамыз.

IV. Тақырып бойынша жұмыс.

— Балаларға проектормен әр түрлі мамандық иелері туралы суреттер көрсетіледі.

1) Жүргізуші мен кондуктор туралы білімдерін бекіту.

— Автобусты кім айдайды? (жүргізуші)

— Автобуста билетті кім жинайды? (Кондуктор)

— Жарайсыңдар. Енді жолға шығайық.

— Кенеттен автобустың дөңгелегі жарылып қалды (ш-ш-ш дыбысын дыбыстаймыз)

— Жүргізушіге жел үрлеп көмектесейік (с-с-с-с дыбысын дыбыстаймыз)

— Жүргізуші дабылын қақты кәне қайталайық (би-би-би-би)

Міне қалаға да келіп жеттік.

2) Аспазшы мамандығы туралы білімдерін бекіту.

— Сендер мына тәтті иісті сезіп тұрсыңдарма? Тамақтың иісі шығып тұрған сияқты. Біз кімге қонаққа келдік?

— Аспазшы не істейді?

— Аспазшыға тамақ жасап көмектесейік (Борщ жасаймыз)

3) Дәрігер туралы білімін бекіту.

Балалар үстелге жақындайды. Үстелдің үстінде дәрігердің заттары мен қуыршақ жатыр.

— Іш ауырса, бас ауырса

Саған дәрі береді.

Барлық ана, барлық бала

Оны жақсы көреді.

Мен кім туралы айтып отырғанымды білетін шығарсыңдар.

— Дәрігер не істейді?

— Ол қай жерде жұмыс істейді?

— Мына қуыршақ ауырып қалыпты, сен оған көмектесші. (Қуыршақты емдейміз ойыны)

СЕРГІТУ СӘТІ

— Біз жүре-жүре шаршадық, бір демалып тынығып алайық.

ША-ША-ША күн қандай тамша

ШЫ-ШЫ-ШЫ айналаңа қарашы

ШУ-ШУ-ШУ жан-жағымда шу

ШЕ-ШЕ-ШЕ отырайық ендеше

4) Сатушы туралы білімдерін бекіту.

Балалар ойыншықтар дүкеніне жақындайды. Дүкенде кітаптар, ойыншықтар, ыдыстар, азық түліктер бар.

— Біз қайда келдік?

— Дүкенде кім жұмыс істейді?

— (рөлдік ойын «Сатушы»)

V. Сабақты бекіту.

- Біздің саяхатымыз осымен аяқталды. Біз жол жөнекей кімдермен кездестік естеріңе түсіріңдерші.
- Қазір мен сендермен ойын ойнаймын «Қатемді түзе»
- Мұқият болыңдар!
- Жүргізуші стады—жүргізеді
- Тігінші шаш қырқады—тігеді
- Сатушы тамақ дайындайды—сатады
- Құрылысшы ұшақы айдайды—үй салады
- Ұшқыш көлік жүргізеді—ұшақты жүргізеді.

VI. Қорытынды.

- Ал сендер болашақта кім болғыларың келеді?
- ЖҮРГІЗУШІ, АСПАЗШЫ, ШАШТАРАЗ, МҰҒАЛІМ, ДӘРІГЕР, ҚҰРЫЛЫСШЫ,ӘНШІ,БИШІ бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз?
- Сендерге сабақ ұнады ма?

VII. Үйге тапсырма.

- Үйде артикуляциялық жаттығуларды қайталап, өздеріңе ұнаған мамандық туралы әңгіме құрастырып келіңдер.

-

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.